

Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтыру енгізу және Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің жекелеген нормаларының қолданылуын тоқтата тұру туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 30 қазандағы № 106 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 30 қазанда № 21554 болып тіркелді.

### З Қ А И - н ы ң

ескертпесі !

#### Осы қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 11 т. қараңыз

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы, "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы, "Бағалы қағаздаррындырылу қызметі туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі, "Қаржы нарығы мен қаржы үйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі, "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы, "Микроқаржылық қызмет туралы" 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға 1-қосымшага сәйкес Қазақстан Республикасының өзгерістер мен толықтыру енгізілетін қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. "Ислам банктері үшін пруденциялық нормативтерді және өзге де сақтауға міндettі нормалар мен лимиттерді, олардың нормативтік мәнін және ислам банктері үшін пруденциялық нормативтерді және өзге де сақтауға міндettі нормалар мен лимиттерді есеп айырысу әдістемесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 30 мамырдағы № 144 қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13939 болып тіркелген, 2016 жылғы 22 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген қаулымен бекітілген Ислам банктері үшін пруденциялық нормативтердің нормативтік мәндері және өзге де сақтауға міндettі нормалар мен лимиттерді есеп айырысу әдістемесінде:

2020 жылғы 1 қазаннан бастап қоса алғанда 2021 жылғы 30 маусымға дейін мынадай нормалардың қолданылуы тоқтатыла тұрсын:

34-тармакта:

тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақшаның мынадай редакцияда қолданыста болатындығы белгілене отырып, бірінші бөліктің 6) тармақшасының:

6) Нормативтерге 2-қосымшаға сәйкес:

қарыз алушыға:

инвестициялық депозит туралы шарт бойынша тартылған қаражат есебінен қаржыландырылатын активтер;

ХҚЕС сәйкес қалыптастырылған сомаларды, сондай-ақ қарыз алушының міндеттемелері бойынша:

осы міндеттемені қамтамасыз ету ретінде банк иелігіне берілген салымдар;

Қазақстан Республикасының Үкіметі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "AA"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметі шығарған мемлекеттік бағалы қағаздары;

тазартылған қымбат металдар;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдіктері;

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының, "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының, "ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының кепілдіктері;

эмитенті "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы, "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы не олардың еншілес ұйымдары болып табылатын және банктің осындай қамтамасыз етуді даусыз өндіріп алуға құқығы бар, банк сатып алған бағалы қағаздар бойынша банк шығарған және қамтамасыз ету ретінде берілген бағалы қағаздар;

экспортты қолдау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік кепілдігі бар ұлттық компаниямен жасалған сақтандыру төлемі жөніндегі міндеттемелерді даусыз және қайтарып алынбайтын орындау туралы тармақтарды қамтитын сақтандыру шарттары түріндегі сомаларды шегере отырып Қазақстан Республикасының резидент-банктеріне және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктеріне Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген банк активтерінің кестесіне сәйкес кредиттік тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген корреспонденттік шоттар бойынша талаптардың сомасы түрінде есептеледі.

тоқтатыла тұру кезеңінде осы бөліктің мынадай редакцияда қолданыста болатындығы белгілене отырып, екінші бөліктің:

Бір қарыз алушыға келетін тәуекел есебіне мыналар кірмейді:

Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамына, "Бәйтерек"

"ұлттық басқаруышы холдингі" акционерлік қоғамына, "Стрестік активтер қоры" акционерлік қоғамының арнайы қаржы компаниясына қойылатын талаптар, банктің қарыз алушыға қоятын, банктің балансынан есептен шығарылған талаптары, банктің қарыз алушыға қоятын, олар бойынша ХКЕС-ке сәйкес резервтердің бір жүз пайызы қалыптастырылған талаптары;

банктің еншілес ұйымға қоятын талаптары;

клиринг ұйымының (орталық контрагенттің) кепілді немесе резервтік қорларына жарна, маржалық жарна, қор биржасының сауда жүйесінде ашық сауда-саттық әдісімен және (немесе) орталық контрагенттің қатысуымен жасалған мәмілелер бойынша міндеттемелердің орындалуын толық және (немесе) ішінара қамтамасыз ету болып табылатын ақша түрінде қойылатын талаптары;

банктің Банктер туралы заңға сәйкес бұрын еншілес банк болып табылған, қайта құрылымдауды және бір мезгілде активтер мен міндеттемелерді бас банкке беру операциясын жүзеге асырған заңды тұлғаға қоятын талаптары.";

тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақтың мынадай редакцияда қолданыста болатындығы белгілене отырып, 51-тармақтың:

"51. Нормативтерде ашық валюталық позицияның мынадай лимиттері белгіленеді:

1) Standard & Poor's агенттігінің "A" төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе Moody's InvestorsService и Fitch агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетел валютасы және "евро" валютасы, сондай-ақ тазартылған қымбат металдар бойынша банктің меншікті капиталы шегінің 12,5 (он екі бүтін оннан бес) пайызынан аспайтын мөлшердегі, Standard & Poor's агенттігінің "A"-дан кем емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар және "евро" валютасы бар елдердің шетел валюталарындағы қысқа валюталық позициядан басқа ашық валюталық позиция (ұзын және қысқа) лимиті;

Standard & Poor's агенттігінің "A"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар және "евро" валютасы банктің меншікті капиталының 7,5 (жеті бүтін оннан бес) пайызынан аспайтын елдердің шетел валюталарына қатысты ұзын мерзімді валюталық позициясының лимиті;

2) Standard & Poor's агенттігінің "A" төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің шетел валютасы бойынша банктің меншікті капиталы шегінің 5 (бес) пайызынан аспайтын мөлшердегі ашық валюталық позиция (ұзын және қысқа) лимиті;

3) банктің меншікті капиталы шегінің 12,5 (он екі бүтін оннан бес) пайызынан аспайтын мөлшердегі валюталық нетто-позиция лимиті.";

2020 жылғы 1 қазаннан бастап қоса алғанда 2021 жылғы 31 наурызға дейін мынадай норманың қолданылуы тоқтатыла тұрсын:

тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақшаның мынадай редакцияда қолданыста болатыны белгілене отырып, 1-қосымшаға сәйкес Қарыздар мен дебиторлық берешек түріндегі банк активтерінің құнсыздануынан болған провизияларды (резервтерді) қалыптастыру жөніндегі нұсқаудың 9-тармағының 4) тармақшасының:

"4) соңғы 12 (он екі) ай ішінде қарызды бір және одан көп рет қайта құрылымдау. Қарызды қайта құрылымдау деп қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауына байланысты қарыз шартының тәртібі мен талаптарының кез келген өзгеруі түсініледі. Қайта құрылымдауға мына жағдайлардың кез келгені жатады:

қарыз бойынша төлемдер кестесінің өзгеруі, оның ішінде негізгі борыш және (немесе) сыйақыны өтеу үшін қарыз бойынша төлемдер бойынша женілдік беру не ұзарту, қарыз мерзімін ұзарту, қарыз бойынша бір немесе одан да көп төлемнің мерзімін кейінге қалдыру, қарыз бойынша негізгі борыштың және (немесе) сыйақының бөлігін есептен шығару немесе кешіру, сыйақы

бойынша мерзімі өткен төлемдерді капиталдандыру, қарыз валютасын сыйақы бойынша мерзімі өткен берешекті капиталдандыра отырып, бір валютадан басқа валютаға өзгерту;

банктегі, оның ішінде басқа банктердегі қолданыстағы қарыз бойынша берешекті төлеу үшін жаңа қарыз беру. Жаңа және қолданыстағы қарыздарда қайта құрылымдау түріндегі құнсыздану белгісі болады;

мерзімі өткен берешек болған жағдайда кредиттік лимитті ұлғайту;

қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендету;

қарыз бойынша берешекті кепілмен қамтамасыз ету есебінен төмендету.

Осы тармақшаның мақсаты үшін мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру мақсатында жүргізілген қайта құрылымдау қарыздың құнсыздануын объективті түрде растайтын оқиға болып танылмайды.

Осы тармақшаның мақсаты үшін қарыз және қарыз алушы осы тармақшаның оныншы және он бірінші абзацтарында айқындалған талаптарға сәйкес келген кезде қарыз бойынша жүргізілген қайта құрылымдау төтенше жағдай және карантиндік шектеу шаралары кезеңінде берілген қарыз бойынша төлемді кейінге қалдыруға байланысты қарыздың құнсыздануын объективті түрде растайтын оқиға болып танылмайды.

Қайта құрылымдау жүргізілген қарыз бойынша қарыз алушы және қарыз (кредит) бір мезгілде мынадай шарттарға сәйкес келеді:

қарыз (кредит) қаржы активтері санатына жатқызылған, олар бойынша провизиялар (резервтер) төтенше жағдай енгізілгенге дейін күтілетін он екі айлық кредиттік зиянға тең сомада қалыптастырылады;

мерзімін кейінге қалдыру сәтінде қарыз алушы қарызды өтеумен байланысты уақытша қыындықтарға тап болады. Кейінге қалдыру кезеңі аяқталғаннан кейін қарыз алушы қарызды өтеудің жаңа кестесі бойынша өз міндеттемелерін уақтылы орындауды

жалғастырған жағдайда қарыз алушы қарызды өтеумен байланысты уақытша қиындықтарға тап болды деп танылады.

Осы тармақшаның он бірінші абзацының мақсаттары үшін банк қарыз алушының қарыз шарты бойынша міндеттемелерді уақтылы өтеу ықтималдығын бағалайды. Қарыз алушының міндеттемелерді уақтылы өтемеу өлшемшарттары мыналар болып табылады:

банктеке қарыз алушының қарыз бойынша женілдіктерді бермей (қайта құрылымдау, қайта қаржыландыру) кейінге қалдыру кезеңі аяқталғаннан кейін өз міндеттемелері бойынша ақы төлеу мерзімдерін бұзуға жол беретіні туралы негізделген және расталатын ақпараттың болуы;

қарыз алушының қаржылық жай-қүйінің нақты көрсеткіштерін бағалау негізінде банктің қарыз алушының ақша ағындары банк алдындағы шарттық міндеттемелерді (негізгі борыш пен сыйақыны қоса алғанда) жабу үшін жеткіліксіз болады және қарыз алушы өз міндеттемелері бойынша ақы төлеу мерзімдерін бұзуға жол береді деген болжамы;

банктің ішкі рейтингтік модельге сәйкес қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауының болуын бағалауды.

Рейтингтік бағалаудың үлгісін жасау саласындағы халықаралық ұйымдардың (сарапшылардың) немесе олардың мамандандырылған, осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген бөлімшелерінің қатысуымен әзірленген және тестілеуден өткен, ішкі рейтинг үлгісі болған кезде, банк осы тармақшаның мақсаттары үшін қарыз алушының қаржылық ахуалының нашарлауы ретінде кредиттік рейтингті соңғы 12 (он екі) айдағы ішкі кредиттік рейтингтің нашарлау серпінімен бірге пайдаланады;";

2020 жылғы 1 қазаннан бастап қоса алғанда 2021 жылғы 30 маусымға дейін мыналардың қолданылуы тоқтатыла тұрсын:

тоқтатыла тұру кезеңінде 2-қосымшаға сәйкес Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген банк активтерінің кестесі осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес редакцияда қолданыста болатындығы белгілене отырып, осы қосымшаның;

тоқтатыла тұру кезеңінде 5-қосымшаға сәйкес Банктің кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген шартты және ықтимал міндеттемелерінің кестесі осы қаулыға 3-қосымшаға сәйкес редакцияда қолданыста болатындығы белгілене отырып, осы қосымшаның.

3. "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемелерін, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарды, сақтандыру холдингтері сатып алатын халықаралық қаржы ұйымдары

облигацияларының тізбесін, сақтандыру холдингтері сатып алғатын облигациялар үшін талап етілетін ең төмен рейтингті және рейтингтік агенттіктердің тізбесін, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алғатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304 қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14794 болып тіркелген, 2017 жылғы 24 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) 2020 жылғы 1 қазаннан бастап қоса алғанда 2021 жылғы 30 маусымға дейін мынадай нормалардың қолданылуы тоқтатыла тұрсын:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндettі өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемесінде:

тоқтатыла тұру кезеңінде осы абзац мынадай редакцияда қолданыста болатындығы белгілене отырып, 29-тармақтың бесінші абзацының:

"БК – төленуге жататын дивидендтерді шегергендегі өткен жылдар мен ағымдағы жылдың бөлінбеген кірісі (оның ішінде қорлар, көзделмеген тәуекелдер резерві, тұрақтандыру резерві, өткен жылдар мен ағымдағы жылдың таза кірісі есебінен қалыптастырылған резервтер);";

тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақтың мынадай редакцияда қолданыста болатындығы белгілене отырып, 34-тармақтың:

"34. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сапасы мен өтімділігі бойынша сыйыпталуын ескере отырып, активтері құнының есебіне мыналар кіреді:

1) ақша:

қайта сақтандыру активтерін шегергенде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінің сомасынан 1 (бір) пайыздан аспайтын сомада кассадағы ақша - баланстық құнның 100 (жұз) пайызы қолемінде;

Нормативтердің 38-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі жолдағы ақша - баланстық құнның 100 (жұз) пайызы қолемінде;

Нормативтердің 38-тармағы 5) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі ағымдағы шоттардағы ақша - Нормативтерге 4-қосымшаға сәйкес Сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуі ескерілген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері кестесіне сәйкес Сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуі ескерілген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтерін есептеуде көрсетілген қолемде;

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде және орталық депозитарийде орналастырылған бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе)

дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымның шоттарындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ақшасы - баланстық құнның 100 (жұз) пайызы көлемінде;

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде және орталық депозитарийде орналастырылған инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыратын ұйымдардың шоттарындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ақшасы - баланстық құнның 100 (жұз) пайызы көлемінде;

2) Нормативтердің 38-тармағы 5) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған салымдар

- Нормативтерге 4-қосымшаға сәйкес Сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуі ескерілген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері кестесінде көрсетілген көлемде;

3) Нормативтердің 38-тармағы 6) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін халықаралық қаржы ұйымдарында орналастырылған салымдар - Нормативтерге 4-қосымшаға сәйкес Сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуі ескерілген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері кестесінде көрсетілген көлемде;

4) Нормативтердің 38-тармағы 7) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін бейрезидент банктерде орналастырылған салымдар - Нормативтерге 4-қосымшаға сәйкес Сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуі ескерілген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері кестесінде көрсетілген көлемде;

5) Нормативтердің 38-тармағының 8), 9), 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16), 17), 18), 19), 20), 21), 22), 23), 24), 25), 26) және 27) тармақшаларында көрсетілген қаржы құралдары

- Нормативтерге 4-қосымшаға сәйкес Сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуі ескерілген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері кестесінде көрсетілген көлемде;

6) "өмірді сақтандыру" саласындағы қызметті жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының сақтанушыларына беретін қарыздар - негізгі борыш сомасының 100 (жұз) пайызы көлемінде;

7) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өтімділігі жоғары активтері сомасының 5 (бес) пайызынан аспайтын сомада жылжымайтын мүлік түріндегі негізгі құрал - жабдықтар-баланстық және нарықтық құндардың ең аз мөлшерінің 100 (жұз) пайызы көлемінде.

Пруденциалдық нормативтерді есептеу кезінде ескерілетін негізгі құралдардың нарықтық құнын айқындау мақсатында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы олардың құнын бағалаушыда жылына кемінде бір рет бағалау жүргізеді;

8) 2022 жылғы 1 қаңтарға дейін:

материалдық емес активтер: сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының негізгі қызметінің мақсаттары үшін сатып алғынған бағдарламалық қамтамасыз ету -

жинақталған амортизацияны ескере отырып өзіндік құн мөлшерінде және сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының өтімділігі жоғары активтері сомасының 10 (он) пайызынан аспайтын мөлшерде;

9) осы тармақтың 11) тармақшасында көрсетілген занды тұлғалардан алынатын сақтандыру сыйлықақыларын қоспағанда, қайта сақтандырушылардан алынатын сомалар, сақтанушылардан (қайта сақтанушылардан) және делдалдардан алынатын сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының жоғары өтімді активтері сомасынан 10 (он) пайыздан аспайтын сомадағы сақтандыру сыйлықақылары;

10) бағалы қағаздардың шығарылым проспектісінде көзделген айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты туындаған бағалы қағаздардың номиналды құнын төлеу бойынша бағалы қағаздардың эмитенттеріне қойылатын талаптар (бағалы қағаздардың шығарылым проспектісінің талаптары бойынша мерзімі өтпеген) - баланстық құнның 100 (жүз) пайызы көлемінде;

11) сақтанушы:

дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 50 (елу) пайыздан астамы тікелей немесе жанама түрде ұлттық басқарушы холдингке тиесілі занды тұлға, не

Standard & Poor's рейтинг агенттігінің немесе басқа рейтинг агенттіктерінің "BB+" төмен емес рейтингі бар занды тұлға, не;

мынадай өлшемшарттарға сәйкес:

өнімді сатудан (қызмет көрсетуден) түсken пайда соңғы 2 (екі) жыл үшін жыл сайын кемінде 50 (елу) миллиардты құрайтын;

салықтық аударымдар соңғы 2 (екі) жыл үшін кемінде 3 (үш) миллиард теңгені құрайтын ірі жүйе құруши кәсіпорын болып табылғанда сақтандыру (қайта сақтандыру) үйимдарының өтімділігі жоғары активтері сомасының 15 (он бес) пайызынан аспайтын сомада алуға арналған сақтандыру сыйлықақылары.

Сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары сақтанушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының кемінде он екіден бір бөлігін төлеген жағдайда олардың сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуін ескере отырып, сақтандыру шартына қосымша келісімін (келісімдерін), немесе жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша алғашқы сақтандыру жарнасын ескере отырып, есепті айдан кейінгі бесінші жұмыс құнінен кешіктірмей сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының активтері құнның есептеуіне енгізіледі.

Қайта сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары қайта сақтанушы қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының кемінде он екіден бір бөлігін төлеген жағдайда олардың сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуін ескере отырып, есепті айдан кейінгі бесінші жұмыс құнінен кешіктірмей сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының активтері құнның есептеуіне енгізіледі.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының активтері құнын, сапасы мен өтімділігі бойынша олардың жіктелуін ескере отырып, есептеуіне (осы тармақтың бірінші бөлігі 1) тармақшасының алтыншы абзацында көрсетілген ақша) қаржы құралдарымен мәмілелерді жасау кезінде бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын үйымның шоттарындағы ақшаны орналастырумен байланысты туындаған дебиторлық берешекті қоспағанда):

шарт талаптары бойынша 3 (үш) жұмыс күнінен астам мерзімге мерзімі өткен дебиторлық берешек;

шарт талаптары бойынша құнтізбелік 30 (отыз) қүннен астам мерзімге мерзімі өткен дебиторлық берешек "ауырған жағдайда сақтандыру" сыныбы бойынша сақтандыру сыйлықақыларының үлесі есепті қуні қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемінде 80 (сексен) пайыздан астамын құрайды;

сақтандыру (қайта сақтандыру) қорғаудың қолданылу мерзімі басталмаған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша пайда болған дебиторлық берешек;

ірі қатысуышылардың, еншілес үйымдардың, сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы ірі қатысуышы болып табылатын немесе қомақты қатысуы бар үйымдардың, сондай-ақ өзге үлестес үйымдардың дебиторлық берешегі енгізілмейді.

Егер сақтандыру (қайта сақтандыру) шартында сақтандыру сыйлықақысын мерзімді сақтандыру жарналары түрінде мерзімін ұзартып төлеу көзделген болса, сақтанушы (қайта сақтанушы) кезекті сақтандыру жарнасын есепті қуні төлемеген жағдайда, сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының активтері құнын, сапасы мен өтімділігі бойынша олардың жіктелуін ескере отырып дебиторлық берешек сомасының (кейінгі кезеңді сақтандыру жарналары) қалдығы мерзімі өткен болып саналады.";

тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақша мынадай редакцияда қолданыста болатындығы белгілене отырып, 38-тармақтың 15) тармақшасының:

"15) халықаралық қаржы үйымдары шығарған, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "A+" тәмен емес кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар, сондай-ақ "Қазақстанның Даму Банкі" шығарған және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасына номинирленген борыштық бағалы қағаздар;";

4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуін ескере отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы активтерінің кестені тоқтата тұру кезеңінде осы қосымша осы қаулының 4-қосымшасына сәйкес редакцияда қолданылады деп белгіленсін;

5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының жоғары өтімді активтерінің кестені тоқтата тұру кезеңінде осы қосымша осы қаулының 5-қосымшасына сәйкес редакцияда қолданылады деп белгіленсін.

4. "Банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелерін, капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияны есептеу қағидалары мен оның лимиттерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15886 болып тіркелген, 2017 жылғы 25 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған):

көрсетілген қаулымен бекітілген Банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелерінде, капиталының мөлшерінде:

2020 жылғы 1 қазаннан 2021 жылғы 30 маусымға дейін қоса алғанда мынадай нормалардың қолданылуы тоқтатыла тұрсын:

2-тармақтың 5) тармақшаны тоқтата тұру кезеңінде осы тармақша мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін:

"5) кепілдің тұрақсыз тұрларі – болашақта түсетін мүлік және ақша (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасасқан мемлекеттік-жекешелік әріптестік келісімшарты бойынша, жағдайлары Нормативтердің 2-1-тармағында көзделген банктік қарыз шарты бойынша кепіл болып табылатын инвестициялық шығындардың өтемақысын есепке жатқызуға арналған шотқа аударылатын ақша түсімі бойынша мемлекеттік серікtestікке қойылатын талап құқықтарын, мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жобасын іске асыру барысында өндірілген тауарлардың және (немесе) қызметтердің белгілі бір мөлшерін тұтыну кепілдігі түріндегі ақшалай түсімдерін, сондай-ақ Нормативтердің 2-2-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келгенде банктік қарыз шарты бойынша кепіл болып табылатын off-take келісімшарты бойынша болашақта түсетін ақшаны, қарастырылған шарттарды ескере отырып, синдикатталған қарыздар үшін кепіл болып табылатын мүлікті қоспағанда), (мемлекеттің қатысуы бар компаниялармен (квазимемлекеттік сектор субъектілерімен) жасалған шарттар бойынша келіп түсетін ақшаны қоспағанда), сақтандыру шарттары (Standard & Poor's рейтингтік агенттігінің "BB+" тәмен емес рейтингі немесе Moody's Investors Service, Fitch және A.M. Best агенттіктерінің (бұдан әрі – басқа рейтингтік агенттіктер) рейтингі бар сақтандыру компанияларымен жасалған, міндеттемелерді шартсыз және кері қайтарусыз орындау туралы тармақтары бар сақтандыру шарттарын, жағдайлары Нормативтердің 2-1-тармағында көзделген сақтандыру шарттарын қоспағанда), жеке немесе заңды тұлғалардың кепілдіктері (Standard & Poor's рейтингтік агенттігінің "BB+" тәмен емес кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар заңды тұлғалардың кепілдіктерін, Standard & Poor's рейтингтік агенттігінің немесе басқа рейтингтік агенттіктердің "B-" тәмен емес кредиттік рейтингі бар екінші деңгейдегі банктердің кепілдіктерін, сондай-ақ ұлттық

басқарушы холдингтер және олардың еншілес ұйымдары берген кепілдіктерді қоспағанда), материалдық емес активтер, жарғылық капиталға қатысу үлестері немесе Қазақстан Республикасының сауда-саттықты ұйымдастырушыларының және (немесе) халықаралық қор биржалары танитын сауда-саттықты ұйымдастырушылардың ресми тізіміне енгізілмеген бағалы қағаздар (айналым қаражатын қаржыландырумен байланысты емес мақсаттарға берілген қарыздар бойынша берешегінің есептелген сыйақыларды, салықтық есептеулерді және есептелген амортизацияны (EBITDA) төлеу жөніндегі шығыстарды шегергенге дейінгі пайдасына қатынасы 4-тен аспайтын заңды тұлғалардың кепілмен қамтамасыз етуге қабылданған жарғылық капиталына қатысу үлестерін және (немесе) бағалы қағаздарын қоспағанда), қағазға басып шығарылған астық қолхаттары, Қазақстан Республикасынан тыс жердегі кепілмен қамтамасыз ету (көрсетілген елдердің кепілмен қамтамасыз етудің тиісінше ресімделуін растайтын құқығына сәйкес банктің заң консультанттарының немесе еншілес ұйымдары мамандарының қорытындысы болған кезде Еуразиялық Экономикалық Одақ елдеріндегі кепілмен қамтамасыз етуін қоспағанда);";

тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақтың мынадай редакцияда қолданыста болатындығы белгілене отырып, 2-2-тармақтың:

"2-2. Off-take келісімшарты бойынша болашақта түсетін ақша мынадай талаптар сақталған жағдайларда:

1) мыналар тапсырыс беруші болғанда:

дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 50 (елу) пайызынан астамы мемлекетке немесе ұлттық басқарушы холдингке тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлға, не;

мемлекеттік мекеме, не;

облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органды;

Standard & Poor's рейтингтік агенттігінің немесе басқа рейтингтік агенттіктердің "BB-" төмен емес рейтингі бар заңды тұлға, не;

ірі жүйе құраушы кәсіпорын, не;

осы тармақшаның екінші, үшінші, төртінші, бесінші және алтыншы абзацтарында көрсетілген тұлғалар соңғы 2 (екі) жыл ішінде кірісінің кем дегенде 70 (жетпіс) пайызын қалыптастыратын заңды тұлға;

2) келісімшарттың талаптарында өндіруші (жеткізуши) келісімшарт бойынша қабылдаған міндеттемелерді тиісінше орындаған кезде тапсырыс берушінің өндірушінің (жеткізушинің) алдындағы өзінің міндеттемелерін міндетті орындауы көзделгенде;

3) өндіруші (жеткізуши) - қарыз алушының кредиттік бюроның деректері бойынша соңғы 2 (екі) жылда күнтізбелік 60 (алпыс) күннен асатын мерзімді мерзімі өткен берешегінің болмауымен көрінетін оң кредиттік тарихы болғанда.

Нормативтердің мақсаты үшін ірі жүйе құраушы кәсіпорындарға мынадай өлшемшарттарға сәйкес келетін кәсіпорындар жатады:

өнімді сатудан (қызмет көрсетуден) түскен түсім – соңғы 2 (екі) жылда жыл сайын кемінде 50 (елу) миллиард теңге;

салық аударымдары – соңғы 2 (екі) жылда жыл сайын кемінде 3 (үш) миллиард теңге.

Синдикатталған қарыздар бойынша қамтамасыз ету болып табылатын мүлік мынадай шарттар сақталған жағдайда кепілдің тұрақты емес тұрлерінен алынып тасталады:

ұйымдастыруши (агент-банк) Standard & Poor's агенттігінің "BB+"-тен төмен емес борыштық рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар банк болып табылады;

ұйымдастырушиның қаржыландыру үлесі синдикатталған қарыз сомасының кем дегенде 50 (елу) пайзының құрайды;

синдикатталған қарыз өндірістік объектілерді салу бойынша инвестициялық мақсаттарға бөлінеді;

жобада жобалық компанияның шығынсыздығы және құрылымыс объектісін пайдалануға енгізгеннен кейінгі және қаржыландыру мерзімі аяқталғанға дейінгі кезеңде операциялық және қаржылық қызметтөн он ақша ағындары көзделеді;

синдикатталған қарыз кемінде 7 (жеті) жыл мерзімге беріледі.";

2020 жылғы 1 қазаннан бастап қоса алғанда 2021 жылғы 30 маусымға дейінгі кезеңде мынадай нормалардың қолданысы тоқтатыла тұрсын:

57-тармақта:

тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақшаның мынадай редакцияда қолданыста болатындығы белгілене отырып, бірінші бөліктің 7) тармақшасының:

"7) Нормативтерге 5-қосымшаға сәйкес:

қарыз алушыға:

инвестициялық депозит туралы шарт бойынша тартылған қаражат есебінен қаржыландырылатын активтер;

ХҚЕС сәйкес қалыптастырылған сомаларды, сондай-ақ қарыз алушының міндеттемелері бойынша:

осы міндеттемені қамтамасыз ету ретінде банк иелігіне берілген салымдар;

Қазақстан Республикасының Үкіметі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "AA"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметі шығарған мемлекеттік бағалы қағаздары;

тазартылған қымбат металдар;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдіктері;

"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының, "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының, "КазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының кепілдіктері;

эмитенті "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы, "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы не олардың еншілес ұйымдары болып табылатын және банктің осындай қамтамасыз етуді даусыз өндіріп алуға құқығы бар, банк сатып алған бағалы қағаздар бойынша банк шығарған және қамтамасыз ету ретінде берілген бағалы қағаздар;

экспортты қолдау жәніндегі функцияларды жүзеге асыратын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік кепілдігі бар ұлттық компаниямен жасалған сақтандыру төлемі жәніндегі міндеттемелерді даусыз және қайтарып алынбайтын орындау туралы тармақтарды қамтитын сақтандыру шарттары түріндегі сомаларды шегере отырып Қазақстан Республикасының резидент-банктеріне және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктеріне Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген банк активтерінің кестесіне сәйкес кредиттік тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген корреспонденттік шоттар бойынша талаптардың сомасы түрінде есептеледі.";

тоқтатыла тұру кезеңінде осы бөліктің мынадай редакцияда қолданыста болатындығы белгілене отырып, екінші бөліктің:

"Бір қарыз алушыға келетін тәуекел есебіне мыналар кірмейді:

Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Ұлттық Банкке, кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес жеке тұлғалардың ипотекалық қарыздарын сатып алуды жүзеге асыратын, акцияларының бір жүз пайызы Ұлттық Банкке тиесілі заңды тұлғага, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамына, "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамына, "Стресстік активтер қоры" акционерлік қоғамының арнайы қаржы компаниясына қойылатын талаптар, банктің балансынан есептен шығарылған банктің қарыз алушыға қоятын талаптары, ХҚЕС-ке сәйкес резервтердің бір жүз пайызы қалыптастырылған банктің қарыз алушыға қоятын талаптары;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік кепілдігі бар бағалы қағаздар бойынша талаптар;

банктің еншілес ұйымға қоятын талаптары;

банктің Банктер туралы заңға сәйкес бұрын еншілес банк болған, қайта құрылымдауды және бір мезгілде активтер мен міндеттемелерді бас банкке беру операциясын жүзеге асырған заңды тұлғаға қоятын талаптары;

клиринг ұйымының (орталық контрагенттің) кепілді немесе резервтік қорларына жарна, маржалық жарна, қор биржасының сауда жүйесінде ашық сауда-саттық әдісімен және (немесе) орталық контрагенттің қатысуымен жасалған мәмілелер бойынша

міндеттемелердің орындалуын толық және (немесе) ішінara қамтамасыз ету болып табылатын ақша түрінде қойылатын талаптар.";

2020 жылғы 1 қазаннан бастап қоса алғанда 2021 жылы 31 наурызға дейінгі кезенде мынадай нормалардың қолданысы тоқтатыла тұрсын:

тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақшаның мынадай редакцияда қолданыста болатыны белгілене отырып, 65-тармақтың 11) тармақшасының:

"11) Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттер;";

тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақшаның мынадай редакцияда қолданыста болатыны белгілене отырып, 1-қосымшаға сәйкес Қарыздар мен дебиторлық берешек түріндегі банк активтерінің құнсыздануынан болған провизияларды (резервтерді) қалыптастыру жөніндегі нұсқаудың 9-тармағының 4) тармақшасының:

"4) соңғы 12 (он екі) ай ішінде қарызды бір және одан көп рет қайта құрылымдау. Қарызды қайта құрылымдау деп қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауына байланысты қарыз шартының тәртібі мен талаптарының кез келген өзгеруі түсініледі. Қайта құрылымдауға мына жағдайлардың кез келгені жатады:

қарыз бойынша төлемдер кестесінің өзгеруі, оның ішінде негізгі борыш және (немесе) сыйақыны өтеу үшін қарыз бойынша төлемдер бойынша жеңілдік беру не ұзарту, қарыз мерзімін ұзарту, қарыз бойынша бір немесе одан да көп төлемнің мерзімін кейінге қалдыру, қарыз бойынша негізгі борыштың және (немесе) сыйақының бөлігін есептен шығару немесе кешіру, сыйақы бойынша мерзімі өткен төлемдерді капиталдандыру, қарыз валютасын сыйақы бойынша мерзімі өткен берешекті капиталдандыра отырып, бір валютадан басқа валютаға өзгерту;

банктегі, оның ішінде басқа банктердегі қолданыстағы қарыз бойынша берешекті төлеу үшін жаңа қарыз беру. Жаңа және қолданыстағы қарыздарда қайта құрылымдау түріндегі құнсыздану белгісі болады;

мерзімі өткен берешек болған жағдайда кредиттік лимитті ұлғайту;

қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендету;

қарыз бойынша берешекті кепілмен қамтамасыз ету есебінен төмендету.

Осы тармақшаның мақсаты үшін мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру мақсатында жүргізілген қайта құрылымдау қарыздың құнсыздануын объективті түрде растайтын оқиға болып танылмайды.

Осы тармақшаның мақсаттары үшін қарыз және қарыз алушы осы тармақшаның оныншы және он бірінші абзацтарында айқындалған шарттарға сәйкес келген кезде қарыз бойынша жүргізілген қайта құрылымдау төтенше жағдай және карантиндік шектеу шаралары кезеңінде берілген қарыз бойынша төлемді кейінге қалдыруға және (немесе) төтенше жағдай және карантиндік шектеу шаралары кезеңінде қарыздар бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялауға байланысты жүргізілгенде қарыздың құнсыздануын объективті түрде растайтын оқиға болып танылмайды.

Қайта құрылымдау жүргізілген қарыз бойынша қарыз алушы және қарыз (кредит) бір мезгілде мынадай талаптарға сәйкес келеді:

қарыз (кредит) қаржы активтері санатына жатқызылған, олар бойынша провизиялар (резервтер) төтенше жағдай енгізілгенге дейін қүтілетін он екі айлық кредиттік зияндарға тең сомада қалыптастырылады;

мерзімін кейінге қалдыру және (немесе) субсидиялау берілген сәтте қарыз алушы қарызды өтеумен байланысты уақытша қындықтарға тап болады. Мерзімін кейінге қалдыру және (немесе) субсидиялау кезеңі аяқталғаннан кейін қарыз алушы қарызды өтеудің жаңа кестесі бойынша өз міндеттемелерін уақтылы орындауды жалғастырған жағдайда, қарыз алушы қарызды өтеумен байланысты уақытша қындықтарға тап болды деп танылады.

Осы тармақшаның он бірінші абзацының мақсаттары үшін банк қарыз алушының қарыз шарты бойынша міндеттемелерді уақтылы өтеу ықтималдығын бағалайды. Қарыз алушының міндеттемелерді уақтылы өтемеу өлшемшарттары мыналар болып табылады:

банкте қарыз алушының қарыз бойынша жеңілдіктерді бермей (қайта құрылымдау, қайта қаржыландыру) мерзімін кейінге қалдыру және (немесе) субсидиялау кезеңі аяқталғаннан кейін өз міндеттемелері бойынша ақы төлеу мерзімдерін бұзуға жол беретіні туралы негізделген және расталатын ақпараттың болуы;

қарыз алушының қаржылық жай-күйінің нақты көрсеткіштерін бағалау негізінде банктің қарыз алушының ақша ағындары банк алдындағы шарттық міндеттемелерді (негізгі борыш пен сыйақыны қоса алғанда) жабу үшін жеткіліксіз болады және қарыз алушы өз міндеттемелері бойынша ақы төлеу мерзімдерін бұзуға жол береді деген болжамы;

банктің ішкі рейтингтік модельге сәйкес қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауының болуын бағалауы.

Рейтингтік бағалаудың үлгісін жасау саласындағы халықаралық ұйымдардың (сарапшылардың) немесе олардың мамандандырылған, осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген бөлімшелерінің қатысуымен әзірленген және тестілеуден өткен, ішкі рейтинг үлгісі болған кезде, банк осы тармақшаның мақсаттары үшін қарыз алушының қаржылық ахуалының нашарлауы ретінде кредиттік рейтингті соңғы 12 (он екі) айдағы ішкі кредиттік рейтингтің нашарлау серпінімен бірге таниды;";

2020 жылғы 1 қазаннан бастап қоса алғанда 2021 жылғы 30 маусымға дейін мыналардың қолданылуы тоқтатыла тұрсын:

5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген банк активтерінің кестесін тоқтата тұру кезеңінде осы қосымша осы қаулының 6-қосымшасына сәйкес редакцияда қолданылады деп белгіленсін;

6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Банктің кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген шартты және ықтимал міндеттемелерінің кестесін тоқтата тұру кезеңінде осы қосымша осы қаулының 7-қосымшасына сәйкес редакцияда қолданылады деп белгіленсін.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 28.05.2021 № 68 (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

5. "Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес провизиялар (резервтер) құру қафидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 269 қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16502 болып тіркелген, 2018 жылғы 15 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) 2020 жылғы 1 қазаннан бастап қоса алғанда 2021 жылғы 31 наурызға дейін мынадай норманың қолданылуы тоқтатыла тұрсын:

көрсетілген қаулымен бекітілген Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес провизиялар (резервтер) құру қафидаларында:

тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақшаның мынадай редакцияда қолданыста болатыны белгілене отырып, 16-тармақтың 3) тармақшасының:

"3) контрагенттің қаржылық қындықтарына байланысты соңғы 12 (он екі) айда бір және одан көп рет қарызды қайта құрылымдау;

Осы тармақшаның мақсаттары үшін қарыз және қарыз алушы осы тармақшаның төртінші және бесінші абзацтарында айқындалған шарттарға сәйкес келген кезде қарыз бойынша жүргізілген қайта құрылымдау төтенше жағдай және карантиндік шектеу шаралары кезеңінде берілген қарыз бойынша төлемді кейінге қалдыруға және (немесе) төтенше жағдай және карантиндік шектеу шаралары кезеңінде қарыздар бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялауға байланысты жүргізілгенде қарыздың құнсыздануын объективті түрде растайтын оқиға болып танылмайды.

Қайта құрылымдау жүргізілген қарыз бойынша қарыз алушы және қарыз (кредит) бір мезгілде мынадай шарттарға сәйкес келеді:

қарыз (кредит) қаржы активтері санатына жатқызылған, олар бойынша провизиялар (резервтер) төтенше жағдай енгізілгенге дейін қүтілетін он екі айлық кредиттік зияндарға тең сомада қалыптастырылады;

мерзімін кейінге қалдыру және (немесе) субсидиялау берілген сәтте қарыз алушы қарызды өтеумен байланысты уақытша қындықтарға тап болады. Мерзімін кейінге қалдыру және (немесе) субсидиялау кезеңі аяқталғаннан кейін қарыз алушы қарызды өтеудің жаңа кестесі бойынша өз міндеттемелерін уақтылы орындауды жалғастырған

жағдайда, қарыз алушы қарызды өтеумен байланысты уақытша қындықтарға тап болды деп танылады.

Осы тармақшаның бесінші абзацының мақсаттары үшін қаржы ұйымы қарыз алушының қарыз шарты бойынша міндеттемелерді уақтылы өтеу ықтималдығын бағалайды. Қарыз алушының міндеттемелерді уақтылы өтемеу өлшемшарттары мыналар болып табылады:

қаржы ұйымында қарыз алушының қарыз бойынша женілдіктерді бермей (қайта құрылымдау, қайта қаржыландыру) мерзімін кейінге қалдыру және (немесе) субсидиялау кезеңі аяқталғаннан кейін өз міндеттемелері бойынша ақы төлеу мерзімдерін бұзуға жол беретіні туралы негізделген және расталатын ақпараттың болуы;

қарыз алушының қаржылық жай-қүйінің нақты көрсеткіштерін бағалау негізінде қаржы ұйымының қарыз алушының ақша ағындары қаржы ұйымы алдындағы шарттық міндеттемелерді (негізгі борыш пен сыйақыны қоса алғанда) жабу үшін жеткіліксіз болады және қарыз алушы өз міндеттемелері бойынша ақы төлеу мерзімдерін бұзуға жол береді деген болжамы;

қаржы ұйымының ішкі рейтингтік модельге сәйкес қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауының болуын бағалауы;".

6. "Берілген микрокредиттер бойынша активтер мен шартты міндеттемелерді сыныптауды жүзеге асыру, берілген микрокредиттер бойынша активтерді күмәнді және үмітсізге жатқызу, сондай-ақ оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 наурыздағы № 62 қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16858 болып тіркелген, 2018 жылғы 14 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) 2020 жылғы 1 қазаннан бастап қоса алғанда 2021 жылғы 31 наурызға дейін мынадай норманың қолданылуы тоқтатыла тұрсын:

көрсетілген қаулымен бекітілген Берілген микрокредиттер бойынша активтер мен шартты міндеттемелерді сыныптауды жүзеге асыру, берілген микрокредиттер бойынша активтерді күмәнді және үмітсізге жатқызу, сондай-ақ оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру қағидаларында:

тоқтатыла тұру кезеңінде осы тармақшаның мынадай редакцияда қолданыста болатыны белгілене отырып, 25-тармақтың 3) тармақшасының:

"3) соңғы 12 (он екі) айда бір және одан көп рет қаржылық қындықтарға байланысты берілген микрокредит бойынша активті қайта құрылымдау;

Осы тармақшаның мақсаттары үшін қарыз және қарыз алушы осы тармақшаның төртінші және бесінші абзацтарында айқындалған шарттарға сәйкес келген кезде микрокредит бойынша жүргізілген қайта құрылымдау төтенше жағдай және карантиндік шектеу шаралары кезеңінде берілген микрокредит бойынша төлемді

кейінге қалдыруға байланысты микрокредиттің құнсыздануын объективті растау болып табылатын оқиға деп танылмайды.

Микрокредиті бойынша қайта құрылымдау және микрокредит жүргізілген қарыз алушы бір мезгілде мынадай шарттарға сәйкес келеді:

микрокредит қаржы активтері санатына жатқызылған, олар бойынша провизиялар (резервтер) төтенше жағдай енгізілгенге дейін күтілетін он екі айлық кредиттік зияндарға тең сомада қалыптастырылады;

мерзімін кейінге қалдыру сәтінде қарыз алушы микрокредитті өтеумен байланысты уақытша қыындықтарға тап болады. Кейінге қалдыру кезеңі аяқталғаннан кейін қарыз алушы микрокредитті өтеудің жаңа кестесі бойынша өз міндеттемелерін уақтылы орындауды жалғастырған жағдайда, қарыз алушы микрокредитті өтеумен байланысты уақытша қыындықтарға тап болды деп танылады.

Осы тармақшаның бесінші абзацының мақсаттары үшін микроқаржы ұйымы қарыз алушының микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерін уақтылы өтеу ықтималдығын бағалайды. Қарыз алушының міндеттемелерді уақтылы өтемеу өлшемшарттары мыналар болып табылады:

микроқаржы ұйымында қарыз алушының микрокредит бойынша жеңілдіктерді бермей (қайта құрылымдау, қайта қаржыландыру) кейінге қалдыру кезеңі аяқталғаннан кейін өз міндеттемелері бойынша ақы төлеу мерзімдерін бұзуға жол беретіні туралы негізделген және расталған ақпараттың болуы;

қарыз алушының қаржылық жай-күйінің нақты көрсеткіштерін бағалау негізінде микроқаржы ұйымының қарыз алушының ақша ағындары микроқаржы ұйымы алдындағы шарттық міндеттемелерді (негізгі борыш пен сыйақыны қоса алғанда) жабу үшін жеткіліксіз болады және қарыз алушы өз міндеттемелері бойынша ақы төлеу мерзімдерін бұзуға жол береді деген болжамы;

микроқаржы ұйымының ішкі рейтингтік модельге сәйкес қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарлауының болуын бағалауы;".

7. "Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар үшін пруденциялық нормативтердің, сондай-ақ олардың мәнінің сақталуын сипаттайтын көрсеткіштердің түрлерін белгілеу, Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар сақтауға тиісті пруденциялық нормативтердің мәндерін есеп айырысу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 79 қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17008 болып тіркелген, 2018 жылғы 12 маусымда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) 2020 жылғы 1 қазаннан бастап қоса алғанда 2021 жылғы 30 маусымға дейін мынадай норманың қолданылуы тоқтатыла тұрсын:

көрсетілген қауыммен бекітілген Инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдар сақтауға тиісті пруденциялық нормативтердің мәндерін есеп айрысу қағидаларында:

Инвестициялық портфельді басқарушының пруденциялық нормативтерінің мәнін есептеу кестесі осы қосымшаның тоқтата тұру кезеңінде осы қаулыға 8-қосымшаға сәйкес редакцияда қолданылады деп белгіленсін.

8. "Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар үшін пруденциялық нормативтердің, сондай-ақ олардың мәнінің сақталуын сипаттайтын көрсеткіштердің түрлерін белгілеу, Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар сақтауға тиісті пруденциялық нормативтердің мәндерін есеп айрысу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 сәуірдегі № 80 қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17005 болып тіркелген, 2018 жылғы 13 маусымда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) 2020 жылғы 1 қазаннан бастап қоса алғанда 2021 жылғы 30 маусымға дейін мынадай нормалардың қолданылуы тоқтатыла тұрсын:

көрсетілген қауыммен бекітілген Бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын ұйымдар сақтауы тиісті пруденциялық нормативтердің мәндерін есептеу кестесі осы қосымшаның тоқтатыла тұру кезеңінде осы қаулыға 9-қосымшаға сәйкес мынадай редакцияда қолданылады деп белгіленсін.

9. Қаржы ұйымдарының әдіснамасы және пруденциялық реттеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

10. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

11. Осы қаулы:

2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 4-тармағын;

2021 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 1-тармағының отыз жетінші – отыз сегізінші абзацтарын;

2021 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 1-тармағының үшінші – төртінші, жиырма бесінші – отыз алтыншы абзацтарын, отыз тоғызынышы абзацын, Тізбенің 2-тармағының жетінші – отыз үшінші абзацтарын, сексен алтыншы абзацын, Тізбенің 3-тармағының жиырма төртінші – отыз үшінші абзацтарын, қырық екінші абзацын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Осы қаулының 2, 3-тармақтарының, 4-тармағының үшінші – жиырма бесінші, қырық бірінші – сексен үшінші абзацтарының, 5, 6, 7 және 8-тармақтарының, Тізбенің 2-тармағының бесінші – алтыншы абзацтарының, Тізбенің 3-тармағының отыз төртінші – қырқыншы абзацтарының, Тізбенің 5 және 6-тармақтарының күші 2020 жылғы 1 қазаннан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Қазақстан Республикасының  
Каржы нарығын реттеу және  
дамыту Агенттігінің Төрағасы

M. Абылқасымова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Каржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІГ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігінің

Статистика комитеті

Қазақстан Республикасының  
Каржы нарығын реттеу және  
дамыту Агенттігінің  
Басқармасының  
2020 жылғы 30 қазаны  
№ 106 қаулысына  
1-қосымша

## Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1. "Ислам банктері үшін пруденциалдық нормативтерді және өзге де сақтауға міндетті нормалар мен лимиттерді, олардың нормативтік мәнін және ислам банктері үшін пруденциалдық нормативтерді және өзге де сақтауға міндетті нормалар мен лимиттерді есеп айырысу әдістемесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 30 мамырдағы № 144 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13939 болып тіркелген, 2016 жылғы 22 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен енгізілген Ислам банктері үшін пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері және өзге де сақтауға міндетті нормалар мен лимиттерді есеп айырысу әдістемесінде:

1-1-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) кепілдің тұрақсыз түрлері – болашақта, оның ішінде үлестік қатысу шарттары бойынша түсетін мүлік және ақша (мемлекеттің қатысуы бар компаниялармен (квазимемлекеттік сектор субъектілерімен) жасалған шарттар бойынша келіп түсетін ақшаны қоспағанда), сақтандыру шарттары (Standard & Poor's рейтингтік агенттігінің "BB+" тәмен емес рейтингі немесе Moody's Investors Service және Fitch агенттіктерінің (бұдан әрі – басқа рейтингтік агенттіктер) рейтингі бар сақтандыру компанияларымен жасалған, міндеттемелерді шартсыз және кері қайтарусыз орындау туралы тармақтары бар сақтандыру шарттарын, талаптары Нормативтердің 1-2-тармағында көзделген сақтандыру шарттарын қоспағанда), жеке немесе занды тұлғалардың кепілдіктері (Standard & Poor's рейтингтік агенттігінің "BB+" тәмен емес кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осындай деңгейдегі рейтингі бар занды тұлғалардың кепілдіктерін, Standard & Poor's рейтингтік агенттігінің немесе басқа рейтингтік агенттіктердің "B-" тәмен емес кредиттік рейтингі бар екінші деңгейдегі банктердің кепілдіктерін, сондай-ақ ұлттық басқарушы холдингтер және олардың еншілес ұйымдары берген кепілдіктерді қоспағанда), материалдық емес активтер, жарғылық капиталға қатысу үлестері немесе Қазақстан Республикасының сауда-саттықты ұйымдастырушыларының халықаралық қор биржалары танитын сауда-саттықты ұйымдастырушылардың ресми тізіміне енгізілмеген бағалы қағаздар (айналым қаражатын қаржыландырумен байланысты емес мақсаттарға берілген қарыздар бойынша берешегінің есептелген сыйақыларды, салықтық есептеулерді және есептелген амортизацияны (EBITDA) төлеу жөніндегі шығыстарды шегергенге дейінгі пайдасына қатынасы 4-тен аспайтын занды тұлғалардың кепілмен қамтамасыз етуге қабылданған жарғылық капиталына қатысу үлестерін және (немесе) бағалы қағаздарын қоспағанда), қағазға басып шығарылған астық қолхаттары, Қазақстан Республикасынан тыс жердегі кепілмен қамтамасыз ету (көрсетілген елдердің кепілмен қамтамасыз етудің тиісінше ресімделуін растайтын құқығына сәйкес банктің заң консультанттарының немесе еншілес ұйымдары мамандарының қорытындысы болған кезде Еуразиялық Экономикалық Одақ елдеріндегі кепілмен қамтамасыз етуін қоспағанда);";

10-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің мәндеріне қосымша меншікті капитал буферлерінің мынадай мәндері белгіленеді:

консервациялық буферге қойылатын талап тұрақты негізде орындалады және мынадай болады:

2015 жылғы 1 қантардан бастап - 1 (бір) пайыз;

2016 жылғы 1 қантардан бастап - 1 (бір) пайыз;  
2017 жылғы 1 қантардан бастап - 2 (екі) пайыз;  
2020 жылғы 1 маусымнан бастап - 1 (бір) пайыз;  
2021 жылғы 1 шілдеден бастап - 2 (екі) пайыз;  
жүйелік маңызы бар банктер үшін:

2015 жылғы 1 қантардан бастап - 2,5 (екі бүтін оннан бес) пайыз;  
2016 жылғы 1 қантардан бастап - 2,5 (екі бүтін оннан бес) пайыз;  
2017 жылғы 1 қантардан бастап - 3 (үш) пайыз;  
2020 жылғы 1 маусымнан бастап - 2 (екі) пайыз;  
2021 жылғы 1 шілдеден бастап - 3 (үш) пайыз;

контрциклдық буфер, оны енгізу мөлшері мен мерзімдерін уәкілетті орган контрциклдық буферді есептеу басталған күнге дейін кем дегенде 12 (он екі) ай бұрын белгілейді. Контрциклдық буфер мөлшерінің диапазоны тәуекелдер ескеріле отырып мөлшерленген активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер сомасының 0 (нөл) пайызынан 3 (үш) пайызына дейінгі аралықты құрайды;

жүйелік буфер, оның есептелуіне қойылатын талаптар Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19925 тіркелген "Қаржы ұйымдарын жүйелік маңызы бар ұйымдар қатарына жатқызу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 23 желтоқсандағы № 240 қаулысына сәйкес жүйелік маңызы бар деп танылған банктеге қолданылады. Жүйелік буферге қойылатын талап 2017 жылғы 1 қантардан бастап тұрақты негізде орындалады және активтердің, тәуекелдер ескеріле отырып мөлшерленген шартты және ықтимал міндеттемелер сомасының 1 (бір) пайызын құрайды;

реттеуші буфер Нормативтерге 1-қосымшага сәйкес қарыздар мен дебиторлық берешек түрінде банк активтерінің құнсыздануы бойынша провизияларды (резервтерді) қалыптастыру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес есептелген провизиялар (резервтер) мен қалыптасқан және ХКЕС және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнама талаптарына сәйкес банктің бухгалтерлік есебінде көрсетілген сомаға провизиялар (резервтер) арасындағы оң айырмаға (бұдан әрі – оң айырма) қатынасы ретінде есептеледі.

кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер;

нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер;

операциялық тәуекел.;"

34-тармақтың бірінші бөлігінің 6) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"6) Нормативтерге 2-қосымшага сәйкес:

қарыз алушыға:

инвестициялық депозит туралы шарт бойынша тартылған қаражат есебінен қаржыландырылатын активтер;

ХКЕС сәйкес қалыптастырылған сомаларды, сондай-ақ қарыз алушының міндеттемелері бойынша:

осы міндеттемені қамтамасыз ету ретінде банк иелігіне берілген салымдар;

Қазақстан Республикасының Үкіметі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "AA"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметі шығарған мемлекеттік бағалы қағаздары;

тазартылған қымбат металдар;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдіктері;

эмитенті "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы, "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы не олардың еншілес ұйымдары болып табылатын және банктің осындай қамтамасыз етуді даусыз өндіріп алуға құқығы бар, банк сатып алған бағалы қағаздар бойынша банк шығарған және қамтамасыз ету ретінде берілген бағалы қағаздар;

экспортты қолдау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік кепілдігі бар ұлттық компаниямен жасалған сақтандыру төлемі жөніндегі міндеттемелерді даусыз және қайтарып алынбайтын орындау туралы тармақтарды қамтитын сақтандыру шарттары түріндегі сомаларды шегере отырып Қазақстан Республикасының резидент-банктеріне және Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктеріне Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген банк активтерінің кестесіне сәйкес кредиттік тәуекел ескеріле отырып мөлшерленген корреспонденттік шоттар бойынша талаптардың сомасы түрінде есептеледі.";

44-тармақтың 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"10) өтеу мерзімі құнтізбелік 7 (жеті) күнге дейін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттер.>";

2-қосымшаға сәйкес Банктің кредиттік тәуекелінің дәрежесі бойынша мөлшерленген активтерінің кестесі осы Қазақстан Республикасының өзгерістер мен толықтыру енгізілетін қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

3-қосымшаға сәйкес Капиталдың жеткіліктілік коэффициенттерінің мәні Тізбеке 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен

лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемелерін, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары сатып алатын занды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарды, сақтандыру холдингтері сатып алатын халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының тізбесін, сақтандыру холдингтері сатып алатын облигациялар үшін талап етілетін ең төмен рейтингті және рейтингтік агенттіктердің тізбесін, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14794 болып тіркелген, 2017 жылғы 24 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндettі өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемесінде:

мынадай мазмұндағы 16-1-тармағымен толықтырылсын:

"16-1. "Ауырған жағдайдан сақтандыру" және "туристі міндettі сақтандыру" сыныптары бойынша сақтандыру сыйлықақылары сомасының үлесі есепті күні қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемінде 80 (сексен) пайыздан астам құрайтын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері Нормативтердің 12 және 13-тармақтарында көрсетілген әдістерінің бірін пайдалана отырып есептелген шама болып табылса, төлем қабілеттілігі маржасының ең төмен мөлшері 30 (отыз) пайызға азаяды.";

29-тармақтың алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"МЕА - Нормативтердің 34-тармағының 8) тармақшасында көрсетілген бағдарламалық қамтамасыз етуді қоспағанда, материалдық емес активтер;";

34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"34. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сапасы мен өтімділігі бойынша сыныпталуын ескере отырып, активтері құнының есебіне мыналар кіреді:

1) ақша:

қайта сақтандыру активтерін шегергенде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерінің сомасынан 1 (бір) пайыздан аспайтын сомада кассадағы ақша - баланстық құнның 100 (жүз) пайызы көлемінде;

Нормативтердің 38-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі жолдағы ақша - баланстық құнның 100 (жүз) пайызы көлемінде;

Нормативтердің 38-тармағы 5) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі ағымдағы шоттардағы ақша - Нормативтерге 4-қосымшаға сәйкес Сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуі ескерілген сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының активтері кестесіне сәйкес Сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуі ескерілген сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының активтерін есептеуде көрсетілген көлемде;

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде және орталық депозитарийде орналастырылған бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын үйымының шоттарындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының ақшасы - баланстық құнның 100 (жұз) пайызы көлемінде;

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде және орталық депозитарийде орналастырылған инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыратын үйымдардың шоттарындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының ақшасы - баланстық құнның 100 (жұз) пайызы көлемінде;

2) Нормативтердің 38-тармағы 5) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған салымдар - Нормативтерге 4-қосымшаға сәйкес Сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуі ескерілген сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының активтері кестесінде көрсетілген көлемде;

3) Нормативтердің 38-тармағы 6) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін халықаралық қаржы үйымдарында орналастырылған салымдар - Нормативтерге 4-қосымшаға сәйкес Сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуі ескерілген сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының активтері кестесінде көрсетілген көлемде;

4) Нормативтердің 38-тармағы 7) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін бейрезидент банктерде орналастырылған салымдар - Нормативтерге 4-қосымшаға сәйкес Сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуі ескерілген сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының активтері кестесінде көрсетілген көлемде;

5) Нормативтердің 38-тармағының 8), 9), 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16), 17), 18), 19), 20), 21), 22), 23), 24), 25), 26) және 27) тармақшаларында көрсетілген қаржы құралдары - Нормативтерге 4-қосымшаға сәйкес Сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуі ескерілген сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының активтері кестесінде көрсетілген көлемде;

6) "өмірді сақтандыру" саласындағы қызметті жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарының сақтанушыларына беретін қарыздар - негізгі борыш сомасының 100 (жұз) пайызы көлемінде;

7) сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының өтімділігі жоғары активтері сомасының 5 (бес) пайызынан аспайтын сомада жылжымайтын мүлік түріндегі негізгі құрал - жабдықтар-баланстық және нарықтық құндардың ең аз мөлшерінің 100 (жұз) пайызы көлемінде.

Пруденциалдық нормативтерді есептеу кезінде ескерілетін негізгі құралдардың нарықтық құнын айқындау мақсатында сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы олардың құнын бағалаушыда жылына кемінде бір рет бағалау жүргізеді;

8) 2022 жылғы 1 қаңтарға дейін:

материалдық емес активтер: сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының негізгі қызметінің мақсаттары үшін сатып алғанған бағдарламалық қамтамасыз ету - жинақталған амортизацияны ескере отырып өзіндік құн мөлшерінде және сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының өтімділігі жоғары активтері сомасының 10 (он) пайызынан аспайтын мөлшерде;

9) сақтандырушылардан алынатын сома, қайта сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының өтімділігі жоғары активтері сомасының 10 (он) пайызынан аспайтын сомада сақтандырушылардан (қайта сақтандырушылардан) және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары;

10) бағалы қағаздардың шығарылым проспектісінде көзделген айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты туындаған бағалы қағаздардың номиналды құнын төлеу бойынша бағалы қағаздардың эмитенттеріне қойылатын талаптар (бағалы қағаздардың шығарылым проспектісінің талаптары бойынша мерзімі өтпеген) - баланстық құнның 100 (жуз) пайызы көлемінде.

Сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары сақтанушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының кемінде он екіден бір бөлігін төлеген жағдайда олардың сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуін ескере отырып, сақтандыру шартына қосымша келісімін (келісімдерін), немесе жинақтаушы сақтандыру шарты бойынша алғашқы сақтандыру жарнасын ескере отырып, есепті айдан кейінгі бесінші жұмыс құнінен кешіктірмей сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының активтері құнын есептеуіне енгізіледі.

Қайта сақтанушылардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары қайта сақтанушы қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының кемінде он екіден бір бөлігін төлеген жағдайда олардың сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуін ескере отырып, есепті айдан кейінгі бесінші жұмыс құнінен кешіктірмей сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының активтері құнын есептеуіне енгізіледі.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының активтері құнын, сапасы мен өтімділігі бойынша олардың жіктелуін ескере отырып, есептеуіне (осы тармақтың бірінші бөлігі 1) тармақшасының алтыншы абзацында көрсетілген ақша) қаржы құралдарымен мәмілелерді жасау кезінде бағалы қағаздар нарығында брокерлік және (немесе) дилерлік қызметті жүзеге асыратын үйымның шоттарындағы ақшаны орналастырумен байланысты туындаған дебиторлық берешекті қоспағанда):

шарт талаптары бойынша 3 (үш) жұмыс құнінен астам мерзімге мерзімі өткен дебиторлық берешек;

шарт талаптары бойынша құнтізбелік 30 (отыз) қүннен астам мерзімге мерзімі өткен дебиторлық берешек "ауырған жағдайда сақтандыру" сыныбы бойынша сақтандыру сыйлықақыларының үлесі есепті қуні қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемінде 80 (сексен) пайыздан астамын құрайды;

сақтандыру (қайта сақтандыру) қорғаудың қолданылу мерзімі басталмаған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша пайда болған дебиторлық берешек;

ірі қатысуышылдардың, еншілес ұйымдардың, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ірі қатысуышы болып табылатын немесе қомақты қатысуы бар ұйымдардың, сондай-ақ өзге үлестес ұйымдардың дебиторлық берешегі енгізілмейді.

Егер сақтандыру (қайта сақтандыру) шартында сақтандыру сыйлықақысын мерзімді сақтандыру жарналары түрінде мерзімін ұзартып төлеу көзделген болса, сақтанушы (қайта сақтанушы) кезекті сақтандыру жарнасын есепті қуні төлемеген жағдайда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері құнын, сапасы мен өтімділігі бойынша олардың жіктелуін ескере отырып дебиторлық берешек сомасының (кейінгі кезеңді сақтандыру жарналары) қалдығы мерзімі өткен болып саналады.";

42-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"42. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы активтерді әртараптандырудың мынадай нормативтерін сақтайды:

1) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шекілі бойынша "BB-" төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе Standard & Poor's агенттігінің "A-" төмен емес шетел валютасында ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резиденті-еншілес банкі, Қазақстан Республикасының бейрезиденті-бас банкі болып табылатын екінші деңгейдегі бір банкте және осы банктің үлестес тұлғаларында бағалы қағаздарға, салымдар мен ақшаға (күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде) инвестициялардың жиынтық баланстық құны (кері РЕПО операцияларын ескере отырып):

2022 жылғы 1 қаңтарға дейін - Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасының 20 (жиырма) пайызынан көп емес;

2022 жылғы 1 қаңтардан кейін - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 50 (елу) пайызынан көп емес;

2023 жылғы 1 қаңтардан кейін - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 30 (отыз) пайызынан көп емес;

2024 жылғы 1 қаңтардан кейін - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 20 (жиырма) пайызынан көп емес;

2) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "B"-дан "B+"-ке дейін ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар екінші деңгейдегі бір банктен және осы банктің үлестес тұлғаларында бағалы қағаздарға, салымдар мен ақшага (күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде) инвестициялардың жиынтық баланстық құны (кері РЕПО операцияларын ескере отырып):

2022 жылғы 1 қаңтарға дейін - Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасының 15 (он бес) пайызынан көп емес;

2022 жылғы 1 қаңтардан кейін - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 30 (отыз) пайызынан көп емес;

2023 жылғы 1 қаңтардан кейін - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 20 (жиырма) пайызынан көп емес;

2024 жылғы 1 қаңтардан кейін - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 15 (он бес) пайызынан көп емес;

3) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "B-" ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар екінші деңгейдегі бір банктен және осы банктің үлестес тұлғаларында бағалы қағаздарға, салымдар мен ақшага (күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде) инвестициялардың жиынтық баланстық құны (кері РЕПО операцияларын ескере отырып):

2022 жылғы 1 қаңтарға дейін - Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасының 10 (он) пайызынан көп емес;

2022 жылғы 1 қаңтардан кейін - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 30 (отыз) пайызынан көп емес;

2023 жылғы 1 қаңтардан кейін - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 20 (жиырма) пайызынан көп емес;

2024 жылғы 1 қаңтардан кейін - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 10 (он) пайызынан көп емес;

4) екінші деңгейдегі банк болып табылмайтын бір заңды тұлғада және осы заңды тұлғаның үлестес тұлғаларында бағалы қағаздарға (күмәнді борыштар бойынша

резервті шегергенде), ақшага инвестициялардың жиынтық баланстық құны (көрі РЕПО операцияларын ескере отырып):

2022 жылғы 1 қантарға дейін - Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасының 10 (он) пайызынан көп емес;

2022 жылғы 1 қантардан кейін - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 30 (отыз) пайызынан көп емес;

2023 жылғы 1 қантардан кейін - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 20 (жиырма) пайызынан көп емес;

2024 жылғы 1 қантардан кейін - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 10 (он) пайызынан көп емес;

5) тазартылған бағалы металдар мен металды депозиттерге 12 (он екі) айдан аспайтын мерзімге жиынтық орналастыру:

2022 жылғы 1 қантарға дейін - Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасының 10 (он) пайызынан көп емес;

2022 жылғы 1 қантардан кейін - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 10 (он) пайызынан көп емес;

6) "өмірді сақтандыру" саласында қызметін жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтанушыларға берілген қарыздардың жиынтық мөлшері:

2022 жылғы 1 қантарға дейін - Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасынан 10 (он) пайызынан көп емес;

2022 жылғы 1 қантардан кейін - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 10 (он) пайызынан көп емес;

7) күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде, шет мемлекеттің орталық үкіметі шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздарға ("көрі РЕПО" операцияларын ескере отырып) инвестициялардың жиынтық баланстық құны:

2022 жылғы 1 қантарға дейін - Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасының 10 (он) пайызынан көп емес;

2022 жылғы 1 қантардан кейін - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 10 (он) пайызынан көп емес;

8) күмәнді борыштар бойынша резервті шегергенде, Нормативтердің 39-тармағында тізбесі белгіленген халықаралық қаржы ұйымының бағалы қағаздарына ("көрі РЕПО" операцияларын ескере отырып) инвестициялардың жиынтық баланстық құны:

2022 жылғы 1 қаңтарға дейін - Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасының 10 (он) пайызынан көп емес;

2022 жылғы 1 қаңтардан кейін - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 30 (отыз) пайызынан көп емес;

2023 жылғы 1 қаңтардан кейін - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 20 (жиырма) пайызынан көп емес;

2024 жылғы 1 қаңтардан кейін - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 10 (он) пайызынан көп емес;

9) құнсыздануға арналған резервті шегергенде, Нормативтердің 38-тармағы 23) және 24) тармақшаларының талаптарына сәйкес келетін пайларға инвестициялардың жиынтық баланстық құны:

2022 жылғы 1 қаңтарға дейін - Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасының 10 (он) пайызынан көп емес;

2022 жылғы 1 қаңтардан кейін - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 10 (он) пайызынан көп емес;

10) құнсыздануға арналған резервті шегергенде, ашық және интервалды инвестициялық пай қорларының пайларына инвестиациялардың жиынтық баланстық құны:

2022 жылғы 1 қаңтарға дейін - Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасының 5 (бес) пайызынан көп емес;

2022 жылғы 1 қаңтардан кейін - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 5 (бес) пайызынан көп емес;

11) құнсыздануға арналған резервті шегергенде, негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескере отырып Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шыгарған борыштық бағалы қағаздарға инвестиациялардың жиынтық баланстық құны:

2022 жылғы 1 қаңтарға дейін - Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасының 10 (он) пайызынан көп емес;

2022 жылғы 1 қаңтардан кейін - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 10 (он) пайызынан көп емес;

12) құнсыздануға арналған резервті шегергенде, Нормативтердің 38-тармағы 25) және 26) тармақшаларының талаптарына сәйкес келетін исламдық қаржыландыру құралдарына инвестиациялардың жиынтық баланстық құны:

2022 жылғы 1 қантарға дейін - Нормативтердің 34-тармағына сәйкес есептелген активтер сомасының 10 (он) пайызынан көп емес;

2022 жылғы 1 қантардан кейін - Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға сәйкес есептелген жалпы сақтандыру резервтері сомасының 10 (он) пайызынан көп емес.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының борыштық бағалы қағаздарына инвестициялар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінің бір эмиссиясындағы облигациялардың жалпы көлемінен 25 (жиырма бес) пайыздан аспайды.

Осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген активтердің әртараптандыру нормативтерін есептеу кезінде екінші деңгейдегі банктің және оның үлестес тұлғаларының активтеріне жиынтық орналастыру үлестес тұлғалардың осы тобына активтерді орналастырудың барынша рұқсат етілген лимитіне байланысты нормативтердің біреуінде көрінеді.";

45-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) РЕПО мәмілелері автоматты тәсілмен "кері РЕПО" операциялары түрінде орындалады және күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімге (қор биржасының сауда жүйесінде) жасалады.";

4-қосымшаға сәйкес Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы активтерінің кестесі олардың сапасы мен өтімділігі бойынша жіктелуін ескере отырып, Тізбеке 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

3. "Банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелерін, капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияны есептеу қағидалары мен оның лимиттерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15886 болып тіркелген, 2017 жылғы 25 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелерінде, капиталының мөлшерінде:

6-тармақтың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің мәндеріне қосымша меншікті капитал буферлерінің мынадай мәндері белгіленеді:

консервациялық буферге қойылатын талап тұрақты негізде орындалады және мынадай болады:

барлық банктер үшін:

2015 жылғы 1 қантардан бастап - 1 (бір) пайыз;

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап - 1 (бір) пайыз;  
2017 жылғы 1 қаңтардан бастап - 2 (екі) пайыз;  
2020 жылғы 1 маусымнан бастап - 1 (бір) пайыз;  
2021 жылғы 1 шілдеден бастап - 2 (екі) пайыз;  
жүйелік маңызы бар банктер үшін:

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап - 2,5 (екі бүтін оннан бес) пайыз;  
2016 жылғы 1 қаңтардан бастап - 2,5 (екі бүтін оннан бес) пайыз;  
2017 жылғы 1 қаңтардан бастап - 3 (үш) пайыз;  
2020 жылғы 1 маусымнан бастап - 2 (екі) пайыз;  
2021 жылғы 1 шілдеден бастап - 3 (үш) пайыз;

мөлшері мен енгізу мерзімдері Нормативтерде контрциклдық буферді есептеуді бастау күніне дейін кемінде 12 (он екі) ай бұрын белгіленетін контрциклдық буфер. Контрциклдық буфер мөлшерінің диапазоны тәуекелдер ескеріле отырып мөлшерленген активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер сомасының 0 (нөл) пайызынан 3 (үш) пайызына дейін құрайды;

жүйелік буфер, оның есептелуіне қойылатын талаптар Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19925 болып тіркелген "Қаржы үйымдарын жүйелік маңызы бар үйымдар қатарына жатқызу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 23 желтоқсандағы № 240 қаулысына сәйкес осындай деп танылған жүйелік маңызы бар банктеге қолданылатын жүйелік буфер. Жүйелік буферге қойылатын талап 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап тұрақты негізде орындалады және тәуекелдер ескеріле отырып мөлшерленген активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер сомасының 1 (бір) пайызын құрайды;

реттеуші буфер Нормативтерге 1-қосымшаға сәйкес Банктің қарыздар және дебиторлық берешек түріндегі активтерінің құнсыздануына провизиялар (резервтер) қалыптастыру жөніндегі нұсқаулықта сәйкес есептелген провизиялар (резервтер) мен ХКЕС-ке және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына сәйкес қалыптастырылған және банктің бухгалтерлік есебінде көрсетілген провизиялардың (резервтердің) арасындағы он айырманың (бұдан әрі – он айырма):

кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген активтер, шартты және ықтимал міндеттемелер;

нарықтық тәуекелді ескере отырып есептелген активтер, шартты және ықтимал талаптар мен міндеттемелер;

операциялық тәуекел сомасына қатынасы ретінде есептеледі.";

57-тармақтың бірінші бөлігінің 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) Нормативтерге 5-қосымшаға сәйкес Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген банк активтерінің кестесіне сәйкес кредиттік тәуекелді ескере отырып мөлшерленген:

ХҚЕС сәйкес қалыптастырылған резервтер сомасы, сондай-ақ қарыз алушының: осы міндеттеменің қамтамасыз етуі ретінде банктің иелігіне берілген салымдар;

Қазақстан Республикасының Үкіметі және Ұлттық Банк шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "AA" төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік бағалы қағаздар;

тазартылған қымбат металдар;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кепілдіктері;

банк шығарған бағалы қағаздар және банк сатып алған, эмитенті "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы, "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы не олардың еншілес ұйымдары болып табылатын және банкте осындай қамтамасыз етуді даусыз өндіріп алу құқығы бар бағалы қағаздар

экспортты қолдау функцияларын жүзеге асыратын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік кепілдігі бар ұлттық компаниялармен жасалған, сақтандыру төлемі бойынша міндеттемелерді шартсыз және кері қайтарусыз орындау туралы тармақтары бар сақтандыру шарттары түріндегі міндеттемелері бойынша қамтmasыз ету сомасы шегерілген, Қазақстан Республикасының резидент банктеріне және Қазақстан Республикасының бейрезидент банктеріне корреспонденттік шоттар бойынша қойылған талаптар түріндегі талаптардың сомасы ретінде есептеледі.";

79-тармақта:

бірінші бөліктің төртінші және бесінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2020 жылғы 1 қаңтар мен 2020 жылғы 31 наурыз аралығында – 0,8, 2020 жылғы 1 сәуір мен 2020 жылғы 30 қыркүйек аралығында – 0,60, 2020 жылғы 1 қазан мен 2020 жылғы 31 желтоқсан аралығында – 0,8;

2021 жылғы 1 қаңтар мен 2021 жылғы 31 желтоқсан аралығында – 0,9;";

екінші бөліктің төртінші және бесінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2020 жылғы 1 қаңтар мен 2020 жылғы 31 наурыз аралығында – 0,68, 2020 жылғы 1 сәуір мен 2020 жылғы 30 қыркүйек аралығында – 0,50, 2020 жылғы 1 қазан мен 2020 жылғы 31 желтоқсан аралығында – 0,68;

2021 жылғы 1 қаңтар мен 2021 жылғы 31 желтоқсан аралығында – 0,77;"

2-қосымшаға сәйкес Капиталдың жеткіліктілік коэффициенттерінің мәні Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

5-қосымшаға сәйкес Салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген банк активтерінің кестесі Тізбеге 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

4. "Берілген микрокредиттер бойынша активтер мен шартты міндеттемелерді сыныптауды жүзеге асыру, берілген микрокредиттер бойынша активтерді күмәнді және үмітсізге жатқызу, сондай-ақ оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 наурыздағы № 62 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16858 болып тіркелген, 2018 жылғы 14 мамырда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулылармен бекітілген Берілген микрокредиттер бойынша активтер мен шартты міндеттемелерді сыныптауды жүзеге асыру, берілген микрокредиттер бойынша активтерді күмәнді және үмітсізге жатқызу, сондай-ақ оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру қағидаларында:

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Микроқаржы ұйымы Қағидалар қолданысқа енгізілген күннен бастап 1 (бір) айдың ішінде Қағидаларға сәйкес Әдістемені әзірлейді және бекітеді.

Микроқаржы ұйымы микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензия алған күннен бастап 1 (бір) айдың ішінде Қағидаларға сәйкес Әдістемені әзірлейді және бекітеді. Бұл талап бекітілген Әдістемесі бар микроқаржы ұйымдарына қолданылмайды".

5. "Қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтыру енгізу және Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің жекелеген нормаларының қолданылуын тоқтата тұру туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 18 маусымдағы № 66 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 143965 болып тіркелген, 2020 жылғы 22 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

3-тармақтың он алтыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"тоқтатыла тұру кезеңінде 14-қосымшаға сәйкес Банктің ақша әкетілуі мен әкелінуінің кестесі осы қаулыға 5-қосымшаға сәйкес редакцияда қолданыста болатындығы белгілене отырып, осы қосымшаның қолданылуы 2020 жылғы 30 наурыздан бастап 2020 жылғы 30 қыркүйекке дейін тоқтатыла тұрсын.".

6. "Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің жекелеген нормаларының

қолданылуын тоқтата тұру туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 21 қыркүйектегі № 82 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21237 болып тіркелген, 2020 жылғы 28 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Банктің пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндettі өзге де нормалары мен лимиттерінің нормативтік мәндері мен оларды есептеу әдістемелерін, капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияны есептеу қағидалары мен оның лимиттерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15886 болып тіркелген, 2017 жылғы 25 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай норманың қолданысы 2020 жылғы 1 қазаннан бастап қоса алғанда 2021 жылғы 30 маусымға дейін тоқтатыла тұрсын:";

3-тармақ алып тасталсын.

Қазақстан Республикасының  
өзгерістер мен толықтыру  
енгізілетін қаржы нарығын  
реттеу мәселелері бойынша  
нормативтік құқықтық  
актілерінің тізбесіне  
1-қосымша

Ислам банктарі үшін  
пруденциялық нормативтердің  
нормативтік мәндеріне және  
өзге де сактауға міндettін  
ормалар мен лимиттерді есеп  
айырысу әдістемесіне  
2-қосымша

### **Салындардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген банк активтерінің кестесі**

№	Баптар атауы	Тәуекел дәрежесі пайызбен
<b>I топ</b>		
1.	Қолма-қол теңге	0
2.	Standard & Poor's агенттігінің "AA"-тен төмен емес тәуелсіз рейтінгі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің қолма-қол шетел валютасы	0
3.	Тазартылған бағалы металдар	0
4.	Қазақстан Республикасының Үкіметіне қойылатын талаптар	0

5.	Standard & Poor's агенттігінің "AA"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтеріне қойылатын талаптар	0
6.	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қойылатын талаптар	0
7.	Standard & Poor's агенттігінің "AA"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріне қойылатын талаптар	0
8.	Standard & Poor's агенттігінің "AA"-тен төмен емес рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарына қойылатын талаптар	0
9.	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарына бюджетке салық және басқа төлемдер бойынша қойылатын талаптар	0
10.	"Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамына қойылатын талаптар	0
11.	Ұлттық холдинг - оригиналатор, Қазақстан Республикасының ұлттық басқарушы холдингі құрган исламдық арнайы қаржы компаниясы шығарған исламдық бағалы қағаздар	0
12.	Standard & Poor's агенттігінің "AA"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар исламдық бағалы қағаздар	0
13.	Standard & Poor's агенттігінің "AA"-тен төмен емес рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған исламдық бағалы қағаздар	0
14.	Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына сәйкес "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамы шығарған бағалы қағаздар, "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры", "Байтерек" ұлттық басқарушы холдингі", "Проблемалық кредиттер қоры" акционерлік қоғамдары шығарған бағалы қағаздар және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен номинирленген Еуразиялық даму банкі шығарған бағалы қағаздар	0
15.	Standard & Poor's агенттігінің "BBB"-дан төмен емес ұзак мерзімді рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар банктерде ашылған корреспонденттік шоттар бойынша талаптар	0
II топ		
16.	Standard & Poor's агенттігінің "AA" төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар елдердің және тиісті рейтингтік бағасы жоқ елдердің қолма-қол шетел валютасы	20
17.	Standard & Poor's агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтеріне қойылатын талаптар	20
18.	Standard & Poor's агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріне қойылатын талаптар	20
19.	Standard & Poor's агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарына қойылатын талаптар	20
20.	Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдарына қойылатын талаптар	20
21.	Standard & Poor's агенттігінің "AA"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдарына қойылатын талаптар	20

22	Standard & Poor's агенттігінің "AA"-тен төмен емес рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдарға қойылатын талаптар	20
23	Standard & Poor's агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтері шыгарған, мемлекеттік мәртебесі бар исламдық бағалы қағаздар	20
24	Standard & Poor's агенттігінің "A+"-тен "A"-ке дейінгі рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары шыгарған исламдық бағалы қағаздар	20
25	Ұлттық басқарушы холдингке дауыс беруші акцияларының (қатысу үлестерінің) 100 (жуз) пайызы тиесілі заңды тұлға-оригинатор құрған ислам арнайы қаржы компаниясы шыгарған Қазақстан Республикасының исламдық бағалы қағаздары	20
26	Standard & Poor's агенттігінің "AA"-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдары шыгарған исламдық бағалы қағаздар	20
27	Standard & Poor's агенттігінің "AA"-тен төмен емес рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар ұйымдар шыгарған исламдық бағалы қағаздар	20

### III топ

28	Тазартылмаған бағалы металдар	50
29	Standard & Poor's агенттігінің "BBB+"-тен "BBB"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтеріне қойылатын талаптар	50
30	Standard & Poor's агенттігінің "BBB+"-тен "BBB"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің орталық банктеріне қойылатын талаптар	50
31	Standard & Poor's агенттігінің "BBB+"-тен "BBB"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдарына қойылатын талаптар	50
32	Standard & Poor's агенттігінің "A+"-тен төмен еместен "A"-ке дейінгі тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар елдердің жергілікті билік органдарына қойылатын талаптар	50
33	Standard & Poor's агенттігінің "A+"-тен төмен еместен "A"-ке дейінгі рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар ұйымдарға қойылатын талаптар	50
34	Standard & Poor's агенттігінің "BBB"-тен "BB"-ке дейінгі (қоса алғанда) борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резидент банктеріне немесе Standard & Poor's агенттігінің "BBB"-тен "BB+"-ке дейінгі (қоса алғанда) борыштық рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар бейрезидент банкке ашылған корреспонденттік шоттар бойынша қойылатын талаптар	50
35	Мына талапқа сәйкес келетін ипотекалық тұрғын үй қарыздары: (осы кестенің 52, 56 және 57-жолдарында көрсетілген жеке тұлғаларға берілген қарыздарды қоспағанда) берілген ипотекалық тұрғын үй қарызы сомасының кепіл құнына қатынасы кепіл құнын 50 (елу) пайызды қоса алғанда аспайды	35
36	Мына талапқа сәйкес келетін ипотекалық тұрғын үй қарыздары: (осы кестенің 52, 56 және 57-жолдарында көрсетілген жеке тұлғаларға берілген қарыздарды қоспағанда) берілген ипотекалық тұрғын үй қарызы сомасының кепіл құнына қатынасы кепіл құнынан 51 (елу бір ) пайыздан бастап 85 (сексен бес) пайызға дейін қоса алғанда шекте болады	50

37	ХҚЕС-ке сәйкес қарыздардың өтелмеген бөлігінен 35 (отыз бес) пайыздан аз провизиялар (резервтер) қалыптасқан Қазақстан Республикасының резиденттеріне берілген негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша құнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам мерзімі өткен берешегі бар талаптар (ипотекалық тұрғын үй қарыздарын және осы кестенің 51, 52, 53, 56 және 57-жолдарында көрсетілген қарыздарды қоспағанда)	100
38	ХҚЕС-ке сәйкес қарыздардың өтелмеген бөлігінен 35 (отыз бес) пайыздан астам және 50 (елу) пайыздан аз провизиялар (резервтер) қалыптасқан Қазақстан Республикасының резиденттеріне берілген негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша құнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам мерзімі өткен берешегі бар талаптар (ипотекалық тұрғын үй қарыздарын және осы кестенің 51, 52, 53, 56 және 57-жолдарында көрсетілген қарыздарды қоспағанда)	75
39	ХҚЕС-ке сәйкес қарыздардың өтелмеген бөлігінен 50 (елу) пайыздан астам провизиялар (резервтер) қалыптасқан Қазақстан Республикасының резиденттеріне берілген негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша құнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам мерзімі өткен берешегі бар талаптар (ипотекалық қарыздарды және осы кестенің 51, 52, 53, 56 және 57-жолдарында көрсетілген қарыздарды қоспағанда)	50
